

А.Б. Серикбаева, С.Ш. Кажикенова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті
(E-mail: ser_assem@mail.ru)*

Мәселелік оқытудың технологиясы

Мақалада мәселелік оқыту технологиясының сұрақтары қарастырылды, ол талдау, синтез, салыстыру, топтау, ұқсастық, жалпылау сияқты ой-талдау операцияларын жасауға мүмкіндік береді, нәтижесінде білімдер, дағдылар, іскерліктер шығармашылық күйде меңгеріледі. Авторлар мәселелік оқытудың ерекшеліктерін атап отыр, мәселелік оқыту технологиясының негізгі элементтеріне назар аударды. Мәселелік оқытуды ұйымдастыруда қолданылатын теориялық материал талданып және теориялық пен практикалық оқу сабақтарын ұйымдастыру жөнінде мәселелік оқытудың әдістерін пайдалану түрлері ұсынылған.

Кілт сөздер: мәселе, шығармашылық түрлері, оқыту критерийлері, мәселелік оқытудың мақсаты, функциялары, мәселелік сабақтың құрылымы, мәселелік жағдайдың түрлері, мәселелік оқытудың түрі, мәселені іздеу қадамдары, артықшылығы мен кемшіліктері.

Қазіргі заманғы өмір ғылыми-техникалық прогрестің арқасында адамның алдына сан түрлі есептер қою арқылы әр түрлі мәселелерді ұсынады. Қаншалықты адам оны дұрыс шеше алуы болашақ ұрпаққа байланысты. Тәжірибеде мұндай есептерді зейін арқылы шығармашылық ойлай алатын адамдар шеше алатыны көрінеді.

Мәселелік оқытудың технологиясы үйрену, танымдық белсенділігінің көтермелеуінің тиімді тәсілі болып табылады. Аталмыш технология шығармашылық зейіндерді дамытып, дербес ойдың құрылымына әсер етіп, білімнің табысты игеруіне септігін тигізіп, ықпал жасайды.

М.И.Махмутовтың пікірінше, мәселелік оқыту дербес ізденістің қызметі мен дайын білімдердің қиылысуынан туындайды. Мәселелік оқытудың маңыздылығы — педагогтың білім алушыға өзіндік танымдық білім алуын ұйымдастыру болып табылатындығы. Білім алушының танымдық қызметі дайын пәндік білімдермен ұштасуы тиіс [1].

Сабақты мәселелік оқытумен ұйымдастыру баланың ойлау қабілетінің және педагогикалық құралдардың заңдық білім негізінде құрылуы қажет.

Мәселелік оқытудың дәстүрлі оқытудан мақсаттың қойылымының және білімнің меңгерушілік үдерісінің ұйымдасуымен ерекшеленеді. Мәселелік оқытумен ұйымдастырылған сабақ білім алушыға қойылған мәселені шешудің мүмкіндіктерін іздестіруге мүмкіндік береді (1-кесте).

1 - кесте

Дәстүрлі және мәселелік оқытудың салыстырмалы сипаттамасы

| Критерийлер | Дәстүрлі оқыту | Мәселелік оқыту |
|---------------------------|--|--|
| 1 | 2 | 3 |
| Оқыту әдістері | Түсіндірмелі-көрнекті | Белсенді зерттеу әдістері |
| Оқыту нәтижелері | Дайын сабақтар | Шығармашылық зейін мен ойлаудың дамуы арқылы білім алу |
| Мұғалімнің қызметі | Дайын білімдер, дайын мысалдар келтірілетін түсіндірмелі-көрнекті оқыту | Өзіндік қызмет негізінде зерттеу қызметін дамыту. Оқушылардың оқу қызметтерін басқару |
| Білім алушылардың қызметі | Репродуктивті сипаты бар: дайын оқу материалын жаттау, меңгерген білімді пысықтау мақсатында жаттығуларды орындау, дайын білімдерді талдау | Мәселені қоя білу және оны шешу жолдарын іздестіру Өзіндік бақылау және өз қызметін өзіндік бағалау |

| 1 | 2 | 3 |
|-----------|---|--|
| Мотивация | Мұғалім жағынан әрекеттің орындалуы Мысалы, оқу материалын қызықты түсіндіру | Зияткерлік мотивтер Білім алушылар зияткерлік еңбектен кейін қанағаттануы |

Танымдық қызмет мәселелік жағдайлар кезінде келесідей тізбекті құрайды: мәселелік жағдай → мәселе → шешу жолдарын іздеу → мәселені шешу.

Мәселелік оқытудың артықшылықтары ретінде мыналарды атауға болады: білім алушылардың тұлғалық мотивациясының қалыптасуы; ойлау қабілеттерінің, танымдылық белсенділігінің артуы; диалектикалық ойлаудың қалыптасуы.

Алайда, берілген әдіс көп уақытты жұмсауға талап етеді. Дифференциалды бағыт қажет. Білім алушыны қарама-қайшы көзқарасқа әкелу керек, ал білім алушы өзі мәселені шешудің жолын іздестіруі қажет. Педагогтың мақсаты мәселелік жағдайды жасауының керектігі. Мәселелік жағдайды ұйымдастыру мысалдары ретінде атауға болады: білім алушыға салыстыру жүргізуге тапсырма беру, мәселелік жағдайдан кейін қорытынды жасау, сұрақтарды құрастыру, фактілерді талдау [2].

Мәселелік оқытудың мақсаттары:

- ғылыми танымның нәтижелерін меңгерту, сонымен қатар танымның әдістерін зерттеу;
- білім алушының зияткерлік, мотивациялық аймағын ұйымдастыру және дамыту;
- білім алушылардың тұлғалық әрекеттерін дамыту.

Мәселелік оқытудың екі тобы бар: жалпы және арнайы. Жалпы функцияларға келесілерді жатқызуға болады:

- тәжірибелік қызметтің әдіс-айласының жүйелерін білім алушыларға меңгерту;
- білім алушылардың диалектикалық-материалистік ойлау қабілеттерін ұйымдастыру;
- жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру.

Арнайы топқа:

- білімді меңгерудің шығармашылық әрекеттерін тәрбиелеу (логикалық жүйелерді қолдану немесе шығармашылық әрекеттің жекелей әдістерін қолдану);
- білімнің шығармашылық қолданысы дағдысының тәрбиесі (меңгерген білімді жаңа жағдайда қолдану);
- шығармашылық қызметтің тәжірибесін жинақтау және құрастыру (ғылыми-зерттеу әдістерін меңгеру, заманды шынайы тәжірибелік мәселелермен және суреттеу бейнесінде сипаттау);
- оқытудың әлеуметтік, танымдық және адамгершілік мотивтерін қалыптастыру [3].

Мәселелік оқытудың маңызды атқаратын қызметтеріне шығармашылық зейінінің дамуын, білімнің игерушілігінің тәжірибелік дағдылануын және оқу материалын игерушілік деңгейінде көтермелеуін жатқызуға болады. Шығармашылық үдерістің айырымдық сипаты бар білімді стандартты емес жағдайларда қолдану болып табылады.

Мәселелік оқыту тұлғаның шығармашылық дамуы тәсілі ретінде талдау іскерлігі мен қорытындылауды қалыптастырады. Шығармашылық тұлғаның қалыптастыруы мәселені көре алу және оны шешу жолдарын таба білу, танымдық дағдының дамуына, іздеу-зерттеу дағдысының дамуына мүмкіндік береді.

Шығармашылық үрдісі, шешімнің интуициялық ізденісі, шешімнің логикалық қисыны қиындықпен кездесу және алынған білімдер арқылы мәселені шешу деңгейлерінен тұрады.

Мәселелік білім беруде білім алушы оқу процесінің субъектісі және шығармашылықпен іздестіру тапсырмаларын орындаушы болып табылады [4].

Тұлғаның танымдық қызығушылығы танымалдықтың үрдісіне және оның нәтижесіне бағытталған. Танымдық үрдісте тұлғаның жігер-қасиеттері іске қосылады, сондай-ақ қызметті ұйымдастыруға, оның кезеңдерін жүзеге асыруға және аяқтауға мүмкіндік туғыздырады. Қызығушылық білім алудың мотивациясы ролін атқарады. Оқу процесінде білім алушыларда не қызығушылық тудыра алуы мүмкін? Ол — меңгерілетін оқу материалының мазмұны мен білімді алу процесі. Ал оқыту процесіне мәселелік оқыту технологиясын енгізгеннен соң білім алу процесі тартымды болады.

Сабақта мәселелік жағдайды жасау білім алушылардың меңгерілетін тақырыпқа қызығушылығын арттыруға себеп болатын тәсіл ретінде қолданылады және ойлау қабілетін

калыптастырады, сөйлеу қабілетін дамытады. Өйткені мұндай жағдайлар өзінің ой-пікірін тудырып және болжам айтуды талап етеді. Айтылған қызметтің түрі кез келген пәнге тиісті болып табылады.

Сабақта мәселелік оқыту келесі құрылымнан тұрады: мәселені қою, мәселені шешуін іздеу, шешімді суреттеу, шешімді жүзеге асыру. Мәселені қою өте маңызды орын алады. Мәселені дұрыс қою сабақты өткізу барысына және жаңа оқу материалын меңгеруге ықпал жасайды. Білім алушылар мәселені шешу барысында сабаққа белсенді араласса, сабақты өздігінен меңгере алады. Егер мәселелік жағдай дұрыс шешілмесе, онда мұғалімнен дайын шешім алынады.

Мәселелік жағдай пайда болған қайшылық туғыздырады. Қайшылықты қиындық немесе таң қалдыру тудырады (2-кесте). Сондықтан мәселелік жағдай екі түрде кездеседі: қиындық және таң қалу туғыздырған.

Мәселелік жағдайдың қиыншылық түрі тапсырманы орындау барысында пайда болып, бірақ жүзеге асырылмайды. Қиындықты тудыратын мәселелік жағдайды орнату кезінде мұғалім немесе мүлдем орындалмайтын немесе білім алушыларға таныс емес тапсырманы қолданады.

2 - кесте

Мәселелік жағдайдың түрлері

| Мәселелік жағдайдың түрі | Қайшылықтың түрі | Мәселелік жағдайды орнату тәсілдері |
|--------------------------|---|---|
| Таң қалу арқылы | Екі (немесе одан артық) фактілер арасында | Бір уақытта қайшылықты фактілерді, теорияларды келтіру Сұрақпен немесе тәжірибелі әрекетпен білім алушылардың әр түрлі пікірлерін арпалыстыру |
| | Оқушының күнделікті түсінігі мен ғылыми факт арасында | «Сикырлы» сұрақпен немесе тәжірибелік тапсырмамен оқушылардың күнделікті түсінігін ашу. Баяндама, хабарлама, тәжірибе, тұсау-кесер, арқылы ғылыми факті ұсыну |
| Қиындық арқылы | Қажеттілігі мен мұғалімнің тапсырмасын орындау мүмкін емес арасында | Мүлдем орындалмайтын тәжірибелік тапсырма беру. |
| | | Болып өткен тапсырмаға ұқсас тәжірибелік тапсырма беру |
| | | Болып кеткен тапсырмаға ұқсас орындалмайтын тәжірибелік тапсырма беру Тапсырма оқушылармен орындалмағанын дәлелдеу |

Сабақта мәселелік жағдай ретінде қолдануға болады [5]:

- әдейі қате жіберілген деректері жеткіліксіз, артық немесе қайшылықты мәселелік есептер;
- шындықты іздеу (тәсілдер, әдістер, шешу ережелері);
- тәжірибелік қызметке қайшылық.

Сонымен бірге оқушыларды мәселелік жағдайға әкелетін бірнеше тәсілдерді қолдануға болады [6]:

- себеп болатын сұхбат — оқу есебін құрастыруға көмектеседі;
- қорытындылау сұхбат — тізімділеп құрастырылған тапсырмалар мен сұрақтар;

– мотивацияны тудыратын тәсілдерді қолдану: қызықты материалды хабарлау (тарихи фактілер, ертегілер, аңыздар және т.б.), түсініксіз құбылыстарды көрсету (эксперимент, көрнекілік), «белсенділік» — мағынасын табу, оқушыларға оқиғаның маңыздылығын жеткізу.

Мәселелік оқытудың төрт түрі: мәселелік оқытудың ғылыми, тәжірибелік, көркемдік және шығармашылық. Білімді деңгейі бойынша үлестіру оқушылардың меңгеру және ойлау қабілетінің деңгейіне байланысты:

- Әдетте белсенділік деңгейі.
- Жартылай өздік белсенділік деңгейі.
- Өздік белсенділік деңгейі.
- Шығармашылық белсенділік деңгейі.

Келтірілген деңгейлер оқушылардың жаңа білімді меңгеру деңгейін, ми қызметінің тәсілдерін және ойлау қабілетінің деңгейін қалыптастырады. Басқаша айтқанда, оқушы алған білімін қай жағдайда және қалай қолдана алатыны. Оқушылардың ең жоғары деңгейі — төртінші.

Әдетте белсенділік деңгейінде оқушылар мұғалім баяндаған оқу материалының түсінуіне, мәселелік жағдайда ойлау әрекеттерін сезінуге, жаңғырту түріндегі тапсырмаларды орындауға тырысады.

Екінші деңгейде, жартылай белсенді деңгейде, оқушылар алынған білімді жаңа жағдайда қолданады және оқу проблемасының шешімін табу тәсіліне қатысады. Көптеген оқушылар осы деңгейде тоқталады. Оларға осы деңгейде мұғалімнің көмегі керек және оларда жаңа тану жағдайлар қиындық туғызады.

Үшінші деңгейде, белсенділік деңгейде, оқушылар репродуктивті-іздеу түріндегі өздік жұмыстарды орындай алады. Осы деңгейде оқушылар алынған білімдерін өздігімен жаңа жағдайда қолдана білу, теоретикалық материалмен жұмыс жасау, орта қиындық деңгейдегі есептің шешімін құрастыра білу тиіс.

Төртінші деңгейде, шығармашылық деңгейде, оқушылар логикалық талдау талап ететін, шешімнің жаңа әдісін табатын, өздік жұмыстарды орындай алады.

Төртінші деңгейде жеткен оқушылар ойлау қызметінің тәсілдерін жылдам меңгереді, болжамдарды қоя алады, мәселенің шешімін қабылдайтын жол тандай алады. Нәтижесінде оқушыларда сөйлеу-логикалық ойлау қабілеті артады.

М.Н.Скаткин мәселелік оқытудың үш түрін анықтайды:

1. Білімнің мәселелік баяндауы.
2. Білімді баяндаудың жеке қадамдарында оқушыларды іздеуге тарту.
3. Зерттеу әдістері.

Мәселелік баяндауда мұғалім есеп қояды (есепке айналдырылған мәселелер — нені анықтау керек). Теоретикалық материалдың үзіндісі мазмұндалады және оған мәселе-есеп қойылады. Мұғалім материалды түсіндіру кезінде осындай бірнеше есеп келтіруі мүмкін. Оқушылар әр есепті шешеді.

Мәселелік оқытудың зерттеу түрінде оқушыларға үлкен еркіндік беріледі. Еркіндік іздеу жоспар құруда, гипотезаны ұсынуда, оны тексеруде, тәжірибені, қадағалауды жасауда, фактілердің тіркелімінде, топталуында және қорытындыларында байқалады. Оқушы осындай жұмыс барысында ғылыми зерттеудің деңгейлері мен принциптерін сезінеді.

Мәселелік сабақтың құрылымы:

- I. Оқу мәселесін қою.
- II. Оқу есебін қою.
- III. Шешімді іздеу.
- IV. Шешімді баяндау.
- V. Өнімді жүзеге асыру.

Оқу мәселесін құрастыру кезінде оқушыларда «Неге болмайды?» деген сұрақ туады. Оқу есебін қоюда сабақтың тақырыбы мен міндеттері тұжырымдалады. Оны мәселелік жағдай немесе мотивацияны көтеретін тәсілдер арқылы жүзеге асыруға болады. Оқу мәселесін іздеу қадамында зерттеу, эвристикалық және мәселелік баяндау әдістері қолданылады.

Эвристикалық әңгімені сұрақ-жауап әдісі ретінде сипаттауға болады. Оқытушы логикалық байланысқан сұрақтарды қояды, ал оқушылар жауап береді. Әңгіменің сұрақтары оқушылардың білімін өзектілейді, жауабын табу үшін оқушылар бұрын алынған білімдеріне негізделуі тиіс. Эвристикалық әңгімеде оқушының жауабы оның жеке алынған тәжірибесіне негізделіп қарастырылады, яғни дайын жауапты білмейтіндігі, оны оқу әдебиетінде кездестірмеуі немесе мұғалімнен естімеуі.

Эвристикалық әңгіменің нәтижесі мәселенің шешімі болады. Мұғалім әңгіме барысында қоятын сұрақтар мәселені шешетін қадамдары болып саналады. Оқу пікірталасы топта шешімді табуға бағытталған мақсатты және кезектелген пікірлермен, ойлармен алмасу болып табылады, әр қатысушы өзінше ойлармен алмасуды ұйымдастыруға қатысады.

Пікірталас баяндау, ақпаратпен алмасу жағынан тиімді емес, бірақ деректерді бекіту, қарастырылған материалды шығармашылық сезіну және бағыт беру жағынан өте тиімді. Пікірталас барысында материалды терең сезіну факторларына жатады:

- ақпаратпен алмасу;
- бір затқа, құбылысқа әр түрлі көзқарасқа ынталандыру;
- тең емес пікірлердің және ойлардың болуы;
- айтылған пікірлермен келіспеушілік мүмкіндігі;
- қатысушыларды топтық келісімге ынталандыру.

Пікірталастың түрлеріне сипаттама берейік:

«Дөңгелек үстел» — әңгімеде оқушылардың шағын тобы тең қатысады. Олардың арасында және сыныптың қалған бөлігімен пікірдің алмасуы өтеді.

«Эксперттік топтың отырысы» — әдетте алдын ала төрағасы тағайындалған оқушылар тобы, алдымен, мәселені топта талқылап, сосын сынып алдында өзінің көзқарасын баяндайды. Осы кезде әр қатысушы талқылауға байланысты қысқаша хабарлау жасайды.

«Форум» — «эксперттік топтың» отырысына ұқсас, бірақ сараптама барысында топ өзінің пікірімен сыныппен талқылайды.

«Соттың мәжілісі» — істі соттың тыңдауында қарастыратын ұқсас сараптама.

«Дебаттар» — алдын ала белгілі екі қарсылас топтар (командалар) мүшелерінің сөз сөйлеу негізінде құрастырылған сараптама. Сараптама әр топтың өкілінің сөз сөйлеуінен басталады, кейін трибуна қатысушылардың түсініктемелеріне немесе сұрақтарына беріледі [6].

Оқу талас кезінде маңызды орын ізгіліктің атмосферасына және бір-біріне көңіл аударуға беріледі. Осы кезде педагог қандайда деген жасырын немесе ашықтан-ашық жақтаудан немесе ұнатпаудан тартыну керек. Тек анықтау немесе түсіндірме репликалар болуы мүмкін. Сараптаманы басқарудың маңызды шарты болып қатысушылардың назарын және ойларын сарапталатын сұрақтарға аудару болады.

Ұзақ сараптамада пікірталастың аралық қорытындылауы жүргізіледі. Осы кезде ағымды уақыттың сараптамасына қорытынды жасау керек, сынып келешек сараптамаға бағытталған болуы үшін [8].

Топтық мәселелік сараптамаларды ұйымдастыру оқушыларға көмек береді:

- талас-тартысты жүргізе білу, өзінің көзқарасын дәлелдей білу;
- оқылған материалды әр жағынан талқылай білу.

Дебаттар мен дискуссиялар ережелерін келтірейік:

- басқа қатысушыларға құрмет таныту;
- сұрақтарға жауап беруде, куәгерлікті қолдануда және аргументтерді адал қолдану;
- жеңілгендер жоқ.

Топтық мәселелік пікірталастың ұйымдастыру кезеңдерін атап өтейік. Пікірталаста ойлап іздеу қызметінің процесі зерттеу мәселенің бірнеше кезеңінен өтеді.

Ақпараттандыру. Бұл ұйымдастырушының алғы сөзі, пікірталастың ойы баяндалады, мәселе қойылады.

Дәлелдеуі. Талқыланатын мәселе бойынша баяндамашының мәселені негіздейтін сөзі.

Ескертулер, пікірлер. Оппоненттер жағынан сұрақтар, күдіктер, қарсылық фазасы.

Мәлімдеу, теріске шығару. Осы қадамда баяндамашы қарсылықтарды және күдіктерді жоққа шығарады және өзінің пікір-ойын қорғайды.

Сын. Ұсынылған идеяны тексеру, дәлелдеудің беріктігін сынау.

Контрдәлелдеу. Сынақ талдауынан кейін ой-пікірді қорғау.

Шешімді өндіру. Осы қадамда зерттеуге барлық қалаушы өзінің ой-пікірін баяндай алады. Болжау шешімнің өзара тексерісі жүреді, қарсылас жақтар белсенді тайталасады.

Қорытындылау. Пікірталастың соңы шешімді қабылдауды болжамдайды.

Қорытындылау қадамында тиімді түрдегі тапсырмаларды қолдануға ұсынылады.

Мәселелік сабақтың «Шешімді іздеу» кезеңі оқушылардың жаңа білімдерін ашуға арналған. Бұл білімдерді болжам арқылы алуға болады. Алдымен болжам қою, сосын оны тексеру. Болжамды дәлелдейтін немесе жоққа шығаратын пікірлер келтіріледі. Сабақтың осы кезеңінде қорғау сұхбатын қолдану ыңғайлы.

Зерттеу әдісі оқушылардан жеткілікті теориялық білімдерін талап етеді. Бұл әдіс оқушылардың жоғары деңгейдегі таным белсенділігімен сипатталады. Осы әдіс тәжірибелік және зертханалық сабақтарға қатысты. Оқытуда зерттеу әдісі «жанарту» дидактикасына жатады, яғни оқушылар ғылымда белгілі білімдерді өздері ашады. Оқу және ғылыми зерттеудің айырмашылығы осында жатыр.

Өнімді жүзеге асыру қадамында немесе алынған білімді шығармашылық күйде қолдану барысында оқушыларға тірек-белгіні немесе көркем бейнені қолдануға болады. Шығармашылық бұл әрекет, нәтижесінде, жаңа материалдық және рухани қазына болып табылады. Тірек-белгі ретінде кесте, тірек сөздер, сызбалар және т.б. болуы мүмкін.

Мәселелік оқытудың негізінде американдық психолог, философ және педагог Дж.Дьюидің идеясы алынған. Ол 1894 ж. Чикаго қаласында сынақ мектебінде білім беру оқу жоспарына негіздемей ойын және еңбек қызметіне негіздеген.

Мәселелік оқытудың басты психологиялық-педагогикалық мақсаттарын атайық:

- оқушылардың ойлау және жүйріктілік қабілеттерінің дамуы, шығармашылық дағдыларының дамуы;
- мәселені өздігімен шешу және белсенді іздеу барысында алынған білімдерді, іскерліктерді меңгеру, нәтижесінде, бұл білімдер, дағдылар, дәстүрлі оқытуға қарағанда, орнықты;
- оқушының белсенді шығармашылық тұлға ретінде тәрбиелеу, ерекше мәселелерді көру, қою және шеше біле алатыны.

Мәселелік оқытудың жетістік шарттары:

- жеткілікті мотивациямен қамтамасыз ету, мәселенің мазмұнына қызығушылық оятатын;
- әр қадамда туатын қиындыққа тиісті жұмыспен қамсыздандыру (белгілі мен белгісіздің тиімді тиістілігі);
- мәселені шешуде алынған ақпараттың құндылығы;
- оқытушы мен оқушының игілікті қарым-қатынасы, оқушы айтқан барлық пікірлерге, ойларға назармен және ынтымақтаумен қарау [7].

Мәселелік оқытудың түрлері:

- оқу материалының мәселелік баяндауы дәрістің монолог немесе семинардың сұхбат түрі;
- оқу материалын дәрісте мәселелік баяндауы, оқытушы мәселелік сұрақтарды қояды, мәселелік есептерді қояды және өзі шешеді, ал оқушылар ойша шешімді іздеу процесіне қатысады;
- зертханалық сабақтарда экспериментті орындау барысында жартылай-іздеу қызметі; мәселелік семинарлар, эвристикалық сұхбаттасу. Оқытушының сұрақтары оқушыларда зияткерлік қиындықтар және бағытталған ойлау тасқынын туғыздыру керек;
- оқушылар мәселені өздігінен қойып, оны мұғалімнің бақылауы негізінде шешуі — өзіндік зерттеу қызметі.

Соңында, мәселелік оқытудың артықшылықтарын және кемшіліктерін қорытындылайық.

Дәстүрлі оқытуға қарағанда, мәселелік оқытудың *артықшылығы:*

- логикалық, ғылыми, диалектикалық, шығармашылық күйде ойлауға үйретеді;
- оқу материалын дәлелдеуге ықпал жасайды, дұрыс екеніне сенім ұялатады;
- оқушыларда өзінің мүмкіндіктеріне және күш-қуатына сенімділігін арттырады, сондықтан оларда ғылыми түрде білім алуға қызығушылық пайда болады;
- өздігімен алынған білімдер, заңдылықтар ұзаққа есте қалады.

Мәселелік оқытудың кемшіліктері: оқушылардың тану қызметінің төмен басқарулығы; жобаланған мақсаттардың жүзеге асырылуына көп уақыттың жіберілетіндігі [8].

Әдебиеттер тізімі

- 1 Лапина Е. Наука и жизнь. — 2015. — № 10. — С 84.
- 2 Кудрявцев В.Т. Проблемное обучение: истоки, сущность, перспективы. — М.: Знание, 1991. — 80 с.
- 3 Арапов К.А. Проблемное обучение как средство развития интеллектуальной сферы школьников // К.А.Арапов, Г.Г.Рахматуллина // Молодой ученый. — 2012. — № 8. — С. 290–294.
- 4 Дубина И.Н. Творчество как феномен социальных коммуникаций. — Новосибирск: СОРАН, 2000. — 173 с.
- 5 Методы создания проблемных ситуаций // [ЭР]. Режим доступа: <http://festival.1september.ru/articles/629603/>
- 6 Ильницкая И.А. Проблемные ситуации и пути их создания на уроке. — М.: Знание, 1985. — С. 56.

7 Кларин М.В. Учебная дискуссия // Мир образования. — 1996. — № 1. — С 32.

8 Кукушкин В.С. Теория и методика обучения: учеб. пособие / Кукушкин В.С. — Ростов н/Д.: Феникс, 2005. — 474 с.

А.Б. Серикбаева, С.Ш. Кажикенова

Технология проблемного обучения

В статье рассмотрены вопросы технологии проблемного обучения, которая позволяет совершать такие мыслительные операции, как анализ, синтез, сравнение, классификация, аналогия, обобщение, в результате чего происходит творческое овладение знаниями, умениями, навыками. Авторами выделены особенности, показаны основные элементы технологии проблемного обучения, характеризующие интеллектуальные способности обучающихся к учению. Проанализирован теоретический материал по организации проблемного обучения и представлены варианты использования методов проблемного обучения при организации теоретических и практических учебных занятий.

A.B. Serikbayeva, S.Sh. Kazhikenova

Technology of problem training

In article questions of technology of problem training which allows to make such cogitative operations as the analysis, synthesis, comparison, classification, analogy, generalization therefore there is a creative mastering knowledge, abilities, skills are considered. Authors have marked out features of problem training, the basic elements of technology of problem training characterizing mental abilities trained to the doctrine are shown. Are analysed theoretical material on the organization of problem training and options of use of methods of problem training at the organization are presented theoretical and practical educational занятии обучающихся to the doctrine.

References

- 1 Lapina E. *Science and life*, 2015, 10, p. 84.
- 2 Kudryavtsev V.T. *Problem training: sources, essence, prospects*, Moscow: Znanie, 1991, 80 p.
- 3 Arapov K.A. *Young scientist*, 2012, 8, p. 290–294.
- 4 Dubina I.N. *Creativity as phenomenon of social communications*, Novosibirsk: SORAN, 2000, 173 p.
- 5 *Methods of creation of problem situations*, [ER]. Access mode: <http://festival.1september.ru/articles/629603/>
- 6 Ilinizkaya I.A. *Problem situations and ways of their creation at a lesson*, Moscow: Znanie, 1985, p. 56.
- 7 Klarin M.V. *World of education*, 1996, 1, p. 32.
- 8 Kukushkin V.S. *Theory and technique of training: manual*, Rostov-na-Donu: Phoenix, 2005, 474 p.